



## ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

Бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатын Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі (ИДМ) және Минералдық шикізат қоры жөніндегі есеп берудің халықаралық стандарттары комитеті (CRIRSCO) төмендегілерді қабылдайды:

- әлемдік тау-кен өндіруші өнеркәсіпті дамытуға Қазақстанның белсенді қатысуына қатысты екі Тараптың негізгі қызметі мен ұзақ мерзімді мүдделерін назарға ала отырып;

- Қазақстанның минералдық ресурстары мен пайдалы қазбалар қорларын тиімді және толық пайдалану үшін жағдайлар жасаудағы ИДМ ниетін және геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері, минералдық ресурстар мен минералдық қорлар туралы халықаралық есеп беру стандарттарын әзірлеудегі CRIRSCO-ның жетекші рөлін назарға ала отырып;

- ИДМ мен CRIRSCO мамандарының арасында геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері, минералдық ресурстар мен минералдық қорлар туралы есеп беруді жетілдіру бойынша өзара іс-қимылдарын нығайту үшін;

- минералдық ресурстар саласындағы және шикізат пен капитал нарығының жаһандану жағдайларындағы халықаралық қызметтің өсіп келе жатқан маңыздылығын, атап айтқанда, бүкіл әлемдегі тұтынушылар үшін шикізатты жеткізудегі Қазақстанның тау-кен өндіруші өнеркәсібінің артып келе жатқан үлесін ескере отырып.

Тараптар төмендегілер туралы келісті:

1. Осы Меморандумның мақсаты CRIRSCO үлгісіне сәйкес Қазақстанның геологиялық барлау нәтижелері, минералдық ресурстарымен минералдық қоры туралы ұлттық есеп беру стандартын әзірлеудегі және іске асырудағы ынтымақтастық болып табылады.

2. Осы меморандумға сәйкес Қазақстан Республикасының геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері, минералдық ресурстары мен минералдық қоры туралы көпшілікке есеп беру кодексін (KAZRC кодексі) әзірлеу үшін ИДМ және CRIRSCO «ИДМ-CRIRSCO» жұмыс тобы» бірлескен жұмыс тобын құрады. KAZRC кодексі CRIRSCO кодекстері тобының жалпы қағидаттарына негізделетін болады және Қазақстан заңнамасындағы ерекшеліктерді қамтитын болады.

3. ИДМ «KAZRC қауымдастығының» ресурстар мен қорлар туралы есеп беру жөніндегі тәуелсіз ұлттық ұйымының CRIRSCO өлшемдеріне

сәйкестігін қамтамасыз ету үшін қажетті нормативтік құқықтық база әзірлеу мен қабылдауға және оны CRIRSCO мүшелігіне қабылдауға ниет білдіреді.

4. ИДМ KAZRC қауымдастығы құрамына кіретін ұйымдардың мамандары Құзыретті тұлғалар ретінде халықаралық танылуы үшін қажетті нормативтік құқықтық базаны әзірлеуге және қабылдауға ниет білдіреді.

5. ИДМ және CRIRSCO құзыретті тұлғаларға арналған нұсқаулық ретінде және KAZRC кодексін әзірлеу үшін негіз ретінде пайдалану үшін «Қатты пайдалы қазбалар қоры жөніндегі есеп беру стандарттары мен CRIRSCO дайын үлгісін үйлесімдендіру жөніндегі нұсқаулықты» әзірлеуге ниет білдереді.

6. CRIRSCO Меморандумның ережелерін орындауда қажетті көмек көрсетуге дайын, оны мынадай нысанда жүзеге асыратын болады:

- ақпаратпен алмасу;
- мамандармен және делегациямен алмасу;
- бірлескен жұмыс топтарын құру.

7. KAZRC кодексін белгіленген тәртіпте CRIRSCO кодекстері тобының мүшесі ретінде тану Меморандум ережелерінің орындалу нәтижесі болып саналады.

8. ИДМ Қазақстан Республикасында KAZRC кодексінің іс жүзінде қолданылуын көздейтін нормативтік базаны және талаптарды дамытатын болады.

9. Өзара түсіністік туралы осы Меморандум халықаралық шарт болып табылмайды және халықаралық құқықтармен реттелетін құқықтар мен міндеттерді жасамайды.

2015 жылғы 3 қарашада Лондонда үш данасына қол қойылды,

екі данасы – қазақ тілінде;

екі данасы – орыс тілінде және;

екі данасы – ағылшын тілінде.

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрлігі:

Пайдалы қазбалар қоры жөніндегі  
Есеп берудің халықаралық  
стандарттары комитеті (CRIRSCO):